ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУ

2 АПТА

1 - 3 сыныптарға арналған апталық қосымша тапсырмалар

2 апта

Аптаның жобасы:

"Гүл өсіру"

Аптаға оқуға ұсынылатын көркем шығарма:

"Алтын балта"
"Бүкіл дүниенің түзелуі"

Аптаға ұсынылатын деректі фильмдер:

«Дара тұлға». Оқу-танымдық анимация (2018 ж)
Қаныш Сәтбаев
https://www.youtube.com/watch?v=Tp0rt_PJj10

Аптаның ойыны:

"Қолтырауын"

Аптаның қолөнер туындысы:

"Қолдан ойыншық құрт жасау"

Аптаға ұсынылатын көркем фильмдер:

"Чемпион"
"Рататуй"

Спорт уақыты



Кел, бірге жаттығу жасайық!

Бізбен бірге шыңдал!

Күнделікті бір жақсылық жасау

ДҮЙСЕНБІ

Сабағыңызды ешкімнің көмегінсіз өздігіңізден орындап шығуға тырысыңыз

СЕЙСЕНБІ

Егер бұзақылық жасап қойсаңыз, біреуді ренжіткен болсаңыз – кешірім сұрауға тырысыңыз

СӘРСЕНБІ

Ең жақсы көретін ұстазыңызға алғысыңызды білдіріп хат жолдаңыз

БЕЙСЕНБІ

Күні бойы көңілді жүріп көбірек құшақтасуға тырысыңыз

ЖҰМА

Бөлмеңізді жинастырыңыз

СЕНБІ

Кешкі ас дайындауға көмектесіңіз

ЖЕКСЕНБІ

Ұйықтар алдында үйдегілердің барлығына «Қайырлы түн» тілеуді ұмытпаңыз

2 апта

Аптаның жобасы:

"Гүл өсіру"

Мақсаты: ботаника ғылымымен танысу, жоспарлап үйрену, шыдамдылық пен ептілікті дамыту.

Орындау тәсілі: кез келген тұқымды сатып алу (бальзамин ұсынылады), арнайы ыдыс пен тұқымдар дайындау керек. Алдымен арнайы топырақты гүл отырғызылатын ыдысқа орналастырыңыз, одан кейін тұқым егіңіз. Оның үстіне топырактың қалған бөлігін себіңіз және суарып тұрыңыз. Кейін өсімдікті мүмкіндігінше суарып тұрыңыз. Гүлдің жайқалып өсуін шыдамдылықпен күтіңіз, әсем жапырақ жайған гүліңізбен бөлмеңізді әсемдеп қойыңыз.

Аптаға оқуға ұсынылатын көркем шығарма:

"Алтын балта"

Ертеде бай мен кедей көрші болады. Кедей диірменге барса, байдын балтасын сұрап алады. Бір күні кедей диірменге барып балтасын ағып жатқан диірменге түсіріп алады. Ол диірменшіге балтамды алып бер дейді. Ол қолын диірменге салып бір алтын балтаны алып шығады. Ол кедейден «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды.
Кедей «Жоқ. Бұл менің балтам емес» дейді.
Диірменші екінші рет қолын салғанда, күміс балтаны алып шығады. Сонда диірменші оған «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Кедей «Жоқ. Бұл менің балтам емес» дейді. Сонда диірменші үшінші қолын салғанда бір ағаш балтаны алып шығады.
Ол кедейден «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Сонда кедей «Йа, осы менің балтам» дейді. Сонда диірменші «Пейілің

2 апта

таза адам екенсің. Сондықтан мына алтын балтаны ал!» дейді. Ол үйіне барып, не болғанын айтып береді. Балтаны ағып жатқан диірменге қалай түсіргенін айтады. Бай кедейдің айтқанының бәрін қайталап істейді. Ол балтасын суға түсіріп, диірменшіге балтамды алып бер дейді. Сонда диірменші алтын балтаны алып шығады. Ол байдан «Мынау ма сенің балтаң?» дейді. Сонда бай «Менің балтам!» дейді. Диірменші оған «Өтірік айтпа, мынау сенің балтаң емес!» деп өзінің ағаш балтасын береді.

"Бүкіл дүниенің түзелуі"

Бір апталық жұмыс күнінен қажыған адам жексенбінің таңында қолына газет алып шаршағанын басып, күні бойы үйде отыруды ұйғарады. Дәл осыны ойлап отырғанында баласы жүгіріп келіп паркке қашан баратынын сұрайды. Әкесі оған демалыс күні паркке алып баратына уәде берген болатын. Бірақ мүлдем сыртқа шығуға зауқы болмай бір сылтау іздейді. Кейін газет бетіндегі дүние жүзілік карта көзіне түседі. Картаны майдалап жыртып баласына «егер картаны құрасаң сені паркке алып барамын» деді де өзі іштей «жақсы құтылдым-ау, ең мықты география профессоры да кешке дейін құрай алмас» деп ойлады. Арада он минут уақыт өтісімен-ақ баласы жүгіріп келіп: «Әке картаны түзедім, енді барсақ болады»-деді. Әкесі алдымен сенбей барып көреді. Көргенінде таң қалып қалай түзегенін сұрайды. Сонда бала былай деп жауап береді: "- Маған берген картаның артында бір адамның суреті бер еді. Адамды түзеткен кезімде, бүкіл дүние жүзі түзеліп шыға келді,- деді.



2 апта

Аптаның ойыны:

"Қолтырауын"

Ойынның мақсаты: Баланың тапқырлығы мен ойлау ұшқырлығын (фантазиясын) арттыру. Отбасындағы байланысты күшейту және уақытты қызықты әрі пайдалы өткізу.

Орындалуы: Қораптың ішіне көптеген сөздерді кішкентай парақтарға жазып салу. Ортаға бір ойыншы таңдалады. Ол қораптан бір сөзді алып, оны іс-қимылмен, дыбыссыз басқа ойыншыларға көрсетеді. Ойыншылар сол көрсеткен заттың не екенін табуы керек. Ойын таймер арқылы белгілі бір уақытқа ойналады(мысалы 2 минут).Таймер уақыты біткен кезде , ойыншылар орын ауыстырады, келесі таңдалған ойыншы қораптан сөз жасырады, қалғандары табады. Кім көбірек сөз тапса, сол ойыншы ұтады.

Аптаның қолөнер туындысы:

"Қолдан ойыншық құрт жасау"

Мақсаты: қарапайым қағаздан ойыншықтар жасап үйрену, сонымен қатар қызықты және пайдалы уақыт өткізу.

Орындау барысы: түрлі-түсті қағаз, қайшы, сызғыш, қарындаш, желім және маркерді дайындап қойыңыз. Осы видеодағы нұсқаулықты қолдансаңыз болады:
https://www.instagram.com/p/BjfiZbVHfSY/?igshid=11xw2j6jpkd18



2 апта

Аптаға ұсынылатын көркем фильмдер:

"Чемпион"



1973 жылы ешкім 25 жыл бойы жетпеген Секретариат: қатарынан "үштік Тәж"сериясынан үш беделді жарыстарды ұтып алады.

"Рататуй"

"Walt Disney" мен "Pixar" студиялары бірлесе түсірген бұл анимациялық фильм көпшілік назарына 2006 жылы ұсынылды. Бірқатар байқаудың, соның ішінде "Ең үздік толықметражды анимациялық фильм" санаты бойынша "Оскар" сыйлығының жеңімпазы атанған туынды нағыз аспаз болуды армандайтын Реми есімді егеуқұйрықтың оқиғасын баяндайды. Реми – Франциянның үздік аспазы Огюст Гюстоның жанкүйері. Ол осы тұлғаның кітаптары негізінде түсірілген бағдарламаларды сүйіп көреді. Алайда Ремидің әкесі баласының бұл қызығушылығына қарсы. Өйткені ол жалпы адамзатты ұнатпайды. Гюстоның өлімінен кейін Ремидің өмірі астаң-кестең болады. Алдымен ол үйінде тағам дайындаймын деп сәтсіздікке ұшырайды, артынша бүкіл отбасынан адасып қалады. Десе де тағдырдың оған дайындаған бір сыйлығы бар еді. Өткеннің бәріне налып, еңсесі түскен егеуқұйрыққа Огюст Гюстоның рухы келіп жігер береді, жол көрсетеді. Шабыттанған Реми кезінде сүйікті аспазы істеп кеткен мейрамханаға келеді. Осы жерде ол жас жігіт Альфредо Лингвиниді кезіктіріп, екеуі өмірлерін қайта бастауға мүмкіндік алады.

www.qundylyq.kz